

## **Беларусь Республикасының президенті Александр Григорьевич Лукашенконың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 17 мамырдағы N 125-ө  
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2005 жылғы 18-19 мамырда Астана қаласында Беларусь Республикасының президенті Александр Григорьевич Лукашенконың Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Беларусь Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөнінде қажетті ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

2005 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Беларусь Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің Астана қаласының әуежайындағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Беларусь Республикасының президенті Александр Григорьевич Лукашенконың арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының әкімі Беларусь Республикасының ресми делегациясын қарсы алуды және шығарып салуды, Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында Беларусь Республикасының президенті Александр Григорьевич Лукашенконы қарсы алу және шығарып салу рәсіміне қатыссын, Қазақстан Республикасы Президентінің атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2005 жылғы 17 мамырдағы  
N 125 - ө өкіміне  
ҚОСЫМША

**Беларусь Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары**

1. Беларусь Республикасы ресми делегациясының мүшелерін және бірге жүретін адамдарды Астана қаласының қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін ресми делегация мүшелерін орналастыратын жерлерге жайғастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейждер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттiк карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Беларусь Республикасы ресми делегациясының басшысы мен мүшелері үшін  
сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Беларусь Республикасының ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу кезінде Астана қаласының әуежайында шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың атынан Беларусь Республикасының президенті А.Лукашенконың құрметіне Астана қаласында ресми қ а б ы л д а у ұ й ы м д а с т ы р у .

7. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Д.Ахметовтің Беларусь Республикасының президенті А.Лукашенкомен Астана қаласында таңертеңгілік асын ұйымдастыру.

8. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК